



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА



I. МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру - ол денсаулық сақтау жөнінде Сіздің мүддеңізді қорғаудың мемлекеттік жүйесі.

Оның мақсаты – ойланбастан емханаға немесе ауруханаға жүгінуге болатындай Сіздің ақысыз медициналық көмекпен қамтамасыз ету

II. МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ НЕНІ БІЛГЕН ЖӨН?



2017 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекке азаматтардың құқығын қамтамасыз ету мақсатында ай сайын жарналар мен аударымдар жүзеге асырылатын болады.

III. КІМ ЖӘНЕ ҚАНДАЙ ЕСЕПТЕМELEP ЖҮРГІЗУІ ТИІС?



Есептемелерді қызметкердің жалақысынан 1% көлемінде жұмыс беруші жасайды.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерін медициналық сақтандыру жарналары мемлекет есебінен жүзеге асырылады. **Әскери қызметшілер жарна төлеуден босатылған.**

Әскери қызметшілердің жұмыс жасайтын отбасы мүшелеріне жарналарды жұмыс беруші жүзеге асырады.

Өздігінен жұмыспен қамтылғандар өз бетінше міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 2 МЖ-дан 5% көлеміндегі жарналарды, яғни, өзі және өзінің қызметкерлері үшін айына 2445,9 теңге аударады

IV. МӘМС ҮШІН ХАЛЫҚТЫҢ ҚАНДАЙ ӘЛЕУМЕТТІК ЖІГІ ЖАРНАЛАРДЫ ТӨЛЕМЕУІ ТИІС?

Мемлекет мынадай адамдарға сақтандыру жарналарын төлейтін болады. Олар:

- балалар;
- көп балалы аналар;
- ҰОС қатысушылар мен мүгедектер;
- мүгедектер;
- жұмыссыздар ретінде тіркелген адамдар;
- интернаттық ұйымдарда оқитын және тәрбиеленіп жатқан адамдар;



- күндізгі бөлімде оқып жатқан адамдар;
- бала туылуына, ұл-қыз асырап алуына байланысты демалыстағы адамдар;
- жұмыс жасамайтын жүкті әйелдер, сондай-ақ үш жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған іс жүзінде жұмыс істемейтін адамдар;
- зейнеткерлер;
- әскери қызметшілер;
- арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлері;
- құқық қорғау органдарының қызметкерлері;
- сот шешімімен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазасын өтеп жатқан адамдар;
- уақытша ұстау изоляторларындағы адамдар;
- 18 жасқа дейінгі мүгедек баланың күтінім жүзеге асырып отырған жұмыс істемейтін адамдар;
- ЖОО, ООО-да күндізгі бөлімдегі оқу орнын бітірген, сондай-ақ оқу аяқталған айдан кейін үш күнтізбелік ай ішінде жоғары оқу орнынан кейінгі адамдар;
- жұмыс жасамайтын оралмандар (тіркелген күннен бастап 1 жыл ішінде);
- шетелдіктер пен азаматтығы жоқ адамдар;
- ҚР аумағында үнемі тұратындар.

V. БІЛГЕН ЖӨНІ

Медициналық қызметтерді толық көлемде алу үшін әскери қызметшілердің барлық жұмыс жасамайтын отбасы мүшелеріне еңбек биржасының қысқартылған жүйесі бойынша тіркелу қажет. Тіркелмеген адамдарға медициналық көмек шұғыл медициналық көмек көлемінде көрсетілетін болады.



VI. СІЗДЕН НЕ ҚАЖЕТ ЕТІЛЕДІ?



Әрбір әскери қызметшіге, әскери қызметшінің отбасы мүшесіне, ҚР Қорғаныс министрлігінің зейнеткеріне тұрғылықты жері бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің амбулаторлық-емханалық ұйымдарында тіркелу қажет.

VII. АМБУЛАТОР-ЛЫҚ-ЕМХАНАЛЫҚ ҰЙЫМДАРЫНДА ТІРКЕЛУ ТӘРТІБІ ҚАЛАЙ?



Азаматтардың емханаларға тіркелуі тұрғылықты немесе уақытша тұру, жұмыс, оқу орны бойынша жүзеге асырылады. Азамат бір ғана емханаға тіркеледі.

Емханаға тіркелу еркін нысандағы өтініш пен жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке куәлік, төлқұжат, туу туралы куәлік, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте), емхананың жұмыс жасау кестесіне сәйкес кез келген күнтізбелік уақыт негізінде жүзеге асырылады.

Адамдардың тіркелуі олардың тікелей немесе жазбаша өтініші, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжат болған жағдайда «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүргізіледі.

VIII. КӨРСЕТІЛЕТІН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ КӨЛЕМІ АУДАРЫМ КӨЛЕМІНЕ ҚАТЫСТЫ БОЛА МА?

Көрсетілетін медициналық қызметтердің көлемі аударым көлеміне қатысы жоқ.

Егер аударымдар жүргізілсе, онда адам сақтандыру пакеті ұсынатын қызметтердің барлық түрлерін пайдалана алады.

Әр төлеушінің жарна сомасына қарамастан, халықтың барлық санаты медициналық қызметтерге бірдей қолжетімділігі болады. Аударымдары жоқ адамдар қызметтердің базалық пакетіне мүмкіндік ала алады. Аударымдары бар өзге адамдардың қызмет кеңейтіледі.



IX. ҚЫЗМЕТ- ТЕРДІҢ КЕҢЕЙ- ТІЛГЕН ПАКЕТІНЕ НЕ КІРЕДІ?



Егер азамат аударымдар жасаса, мынадай медициналық қызметтің түрлерін қамтитын медициналық қызметтердің барлық түрлерін алады. Атап айтқанда:

- амбулаторлық-емханалық көмек;
- стационарлық көмек – жоспарлы тәртіпте ауруханаларда емделу (оңалтуды қоса есептегенде);
- стационарды алмастыратын көмек – күндізгі стационарда ем-дом алу;
- жоғары технологиялық медициналық қызметтер – күрделі және бірегей медициналық технологиялар қолданыла отырып, орындалатын медициналық көмек;
- үйдегі мейірбикенің күтімі және паллиативті көмек;
- амбулаторлық-емханалық көмек көрсеткен кезде дәрімен қамтамасыз ету.

Талдаулар мен ем-шаралардың барлық түрлері ақысыз көрсетілетін болады.

Осылайша, азамат оны емханаға қабылдап, диагнозын қойып, үйде немесе күндізгі стационарда ем-дом тағайындалып, жүргізілуіне, ал қажет болған жағдайда ауруханаға жатқызылып, дәрі-дәрмек ұсынылуына мүмкіндік алады.

X. АУДАРЫМ- ДАРЫ ЖОҚТАРҒА НЕ ІСТЕУ ҚАЖЕТ?



Аударымдары жоқтарға да медициналық қызметтер көрсетілетін болады. Ол үшін еліміздің барлық азаматтары үшін мемлекетпен ұсынылатын минималды базалық пакет жасалды.

Оған мыналар кіреді:

- жедел жәрдем және санитарлық авиация;
 - өлеуметтік маңызды аурулар мен шұғыл жағдайлардағы медициналық көмек;
 - алдын алу екпелері;
 - амбулаторлық-емханалық көмек;
- сақтандырылмағандар үшін амбулаторлық-дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету (2020 жылға дейін).

XI. ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ АУРУЛАРҒА НЕ КІРЕДІ?



Адамның өміріне анағұрлым ықпал ететін ауруларды әлеуметтік тұрғыда маңызды деп атайды. Кейбір жағдайдарда емделуші ұзақ емделуді, ал ең бастысы адамның өліміне әкеп соқтыратын өзгелерді қатерлі аурумен жұқтыруы мүмкін.

Сонымен, бұл ауруларға мыналар жатқызылады:

- Туберкулез
- ЖИТС
- В, С вирусты гепатиті
- қатерлі жаңа пайда болулар - сусамыр
- психикалық және мінез-құлық ауытқуы
- БЦП
- миокард инфаркты (алғашқы алты ай)
- ревматизм
- жалғанбалы тіннің жүйелік ауытқуы
- орталық жүйке жүйесінің текті-дегенеративті ауруы
- орталық жүйке жүйесінің аурулары, мәселен, ша

Бұл ауру-сырқауларда ем-дом алу мен медициналық көмекке қазақстандықтардың есептемелері болмаса көмек ала алады. шыраңқы склероз, миелопатия және и т.б.

XII. АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕККЕ НЕ КІРЕДІ?



Жарақат, улану немесе өзге жағдайларда адамға шұғыл көмек қажет кезде аударымдар бар не жоқ болсын әр адам бригаданы шақыра алады.

Бұл жерде еш нәрсе өзгермейді.

Одан басқа, адам дәрі-дәрмектердің ұсынылуына, отбасын жоспарлауға, ауру-сырқауды алдын алуға, скринингтерге, мәселен, онкологияны анықтауға мүмкіндік ала алады.

Бұл жағдайда аударым міндетті емес, яғни, емделуші аударымсыз жедел жәрдемнің көмегіне жүгіне алады.

ХІІІ. АУДА- РЫМСЫЗ АЗАМАТТАР ҚАНДАЙ ЕКПЕЛЕРДІ АЛУЛАРЫНА МҮМКІНДІКТЕРІ БАР?



Бұл барша халыққа жасалатын міндетті түрдегі екпе егулер.

Оған мыналар кіреді:

1. БЦЖ (туберкулездан) және өмірдің алғашқы күндерінде В гепатитіне қарсы екпе.

2. 2 айында сәбилер гепатит. Полиомиелит, көкжөтел, дифтерия, сіреспе, b типіндегі гемофильді инфекцияға, сондай-ақ пневмококкты инфекцияға қарсы кешенді екпе алады.

3. 3 айында b типіндегі көкжөтел, дифтерия және сіреспеге, полиомиелит пен гемофильді инфекцияға қарсы қайта епке алады.

4. бір жасқа дейінгі соңғы екпелер 4 айында, яғни, гепатит, полиомиелит, b типіндегі гемофильді инфекция мен көкжөтел, дифтерия мен сіреспе, сондай-ақ пневмококкты инфекцияға қарсы екінші екпені алады.

5. 12-15 айындағы жаста қызылша, қызамық пен паротитке (шошқаборық) қарсы епке алу қажет. Полиомиелит пен пневмококкты инфекцияға қарсы епкені қайталау.

6. 1,5 жасында АҚДС, полиомиелит және b типіндегі гемофильді инфекцияны қайта екпеден өткізу. Тағы бірнеше екпе балаларды мектеп жасында күтіп тұр.

7. 6 жаста (1-сыныпта) тағы бір рет БЦЖ, қызылша, қызамық, паротит пен АҚДС-қа қарсы епке жасалады;

8. 16 жасында сіреспе мен дифтерияға қарсы екпе. Оны әрі қарай әр 10 жыл сайын қайталап тұру қажет.

Бұл жағдайда азамат әрине, медициналық қызметтер ала алады. Алайда, еліміздің барша азаматтарына арналған мемлекетпен ұсынылған минималды базалық пакетпен қамтамасыз етіледі.

Алайда, ол азамат Халықты жұмыспен қамту орталығына келіп, жұмыссыз ретінде есепке тұра алады. Бұл жағдайда аударымдарды оған мемлекет жасайды және ол МӘМС пакетінде ұсынылған медициналық қызметтерді ала алады.

XIV. ЕГЕР АДАМ БІРНЕШЕ АЙ ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛЫП, БІРАҚ, БҰДАН БҰРЫН АУДАРЫМДАР АУДАРҒАН БОЛСА?



XV.ЖЕКЕ ЕМХАНАҒА ЖҮГІНЕРДЕ АУДАРЫМДАРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛА МА?

Жеке емханаға жүгінген кезде азаматқа бұл емханада қажетті медициналық қызмет көрсетуге МӘМС қорымен шарттың жасалғанын немесе жасалмағанын білу қажет. МӘМС қорымен шарт және азаматтың жеке меншік емханаға тіркелгені болған жағдайда медициналық ұйым МӘМС және АМККК пакетіне кіретін қызметтерге төлем жүргізуді талап етуге құқығы жоқ





ДЛЯ ЗАМЕТОК



A series of 18 horizontal blue lines for taking notes, overlaid on a background image of a doctor's white coat, a blue stethoscope, and a clipboard.